

ХАТТАМАСЫ

«05» 09. 2023 жыл

Арқалық қаласы

Қатысқандар: 13

Директор: - Дуйсенбаева Л.А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Е.Туримтаев

13 ата-ана

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығымен таныстыру , қамқоршылық кеңесі төрағасын сайлау
2. Кеңес мүшелерінің міндет, мақсаттарымен және 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарын талқылау , бекіту.

Күн тәртібіндегі алғашы сұрақ бойынша мектеп директоры: Дуйсенбаева Л.А. сөз сөйледі:

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағдаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы ҚР Әділет министрілігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелгенін айтып өтті. Қамқоршылық кеңесінің нұсқауымен және тарауларын оқып таныстырды. Қамқоршылық кеңес мектептің өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және мектептің қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатыны жайлы сөз өрбітті. Қамқоршылық кеңесі мектептегі балалардың қажетіне пайдаланатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету , мектепке тартылған демеушілердің қаржысы орынды жұмсалуларын қадағалау болып табылады.

Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Туримтаев қамқоршылық кеңесі жұмыс жоспарымен таныстырып, талқыға салды. Ата-аналар кеңесінің төрайымдары сыныптарында өткізілген ата-аналар жиналыстарының шешімі бойынша қамқорлық кеңесін құруды бірауыздан қолдады.

Сөз сөйледі: Қабылдина Ботакөз мүшелерін бекіту бойынша сөз сөйлеп, кеңес мүшелерінің ішіне төрайымы ретінде Болатова Жанат Укубаевнаны сайлауды ұсынды. Қатысушылар қолдап, Болатова Жанат Укубаевна қамқорлық кеңесінің төрайымы болуға келісімін берді.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесі құрылсын және бекітілсін:

1. Болатова Жанат Укубаевна - Қамқоршылық Кеңес төрайымы
2. Қабылдина Ботакөз Тыныштықовна - қаржы бақылаушысы
3. Саржанова Нұрзада Молдағалиевна- кеңес хатшысы
4. Мұханова Асима Хамитовна- кеңес мүшесі
5. Хайруллина Гүлжаухар Тұрлыханқызы- кеңес мүшесі
6. Утебаев Мырзабек Қайырбекович -кеңес мүшесі
7. Қалиева Боранкүл Талмановна – кеңес мүшесі
8. Қайдарова Оразгүл Балғабековна-кеңес мүшесі
9. Мукибаева Нүргүл Кежекеевна – кеңес мүшесі

Қамқоршылық кеңесі отырыстары уақыты өткізіп отырылсын.

Мектеп директоры:

Төрайым:

Хатшы:

Дуйсенбаева Л.А.

Болатова Жанат Укубаевна

Саржанова Н.М.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік

Қамқоршылық Кеңесі

хаттамасы

Мерзімі: 18.11.23

Қатысқандар: 12 адам

Мектеп директоры: Дуйсенбаева Л.А.

ДТІЖО: Туримтаев Е.А.

Қамқоршылық Кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларды оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау. (Дуйсенбаева Л.А.)

2. Қамқорлыққа алынған, аз қамтылған, көп балалы отбасының балаларын Президент шыршасына, қала әкімінің шыршасына, аз қамтылған отбасы балаларына арналған шыршаға жіберу. (Буркитова Ж.Б.)

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Дуйсенбаева Л.А. сөз алды. Сөз барысында мектебіміздегі аз қамтылған отбасынан оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және қорғау, қоғамдағы өмір сүруін қадағалау жайлы сөз өрбітті. «Ата-анадан өсіп ұрпақ тараған, жақсы жаман болса бала солардан» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай ата-ананың бақыты баланың дұрыс адам болып өсуіне байланысты. Ал балалардың өздеріне бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата-аналар сіздерге байланысты. Сондықтан әрбір ата-ана өз бақытын өмірінің жалғасы баласынан іздеу керек. Біздің бірлесіп тәрбиелеп отырған ұл-қыздарымыз болашақта ата-анасының үмітін ақтар, елін сүйер саналы да білімді азамат болады деп сенемін.

Әрбір отбасына күннің шуағындай шаттық, жылылығындай мейірімділік, береке, түсіністік пен сыйластық, үлкен бақыт тілеймін деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог сөз алды. Мектебіміз бойынша президент шыршасына аз қамтылған 8 «А» сынып оқушысы Елеубай Айдана Дарханқызы, Қала әкімі атынан және «Қайырымдылық» шыршасына атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға көп балалы отбасынан шыққан 3 «А» сынып оқушысы Садық Ақжол, 4 «А» сынып Тосынбай Санжар, Аз қамтылған, толық емес отбасынан 6 «А» сынып

Муратбек Думан, тұл жетім 6 «Б» сынып оқушысы Ромазанов Роман, көп балалы отбасынан , 6 «А» сынып оқушысы Құлжан Мәди ұсынылып отыр.

Осы аталған оқушылар жаңа жылдық шыршаға қатысып өз сыйлықтарын алып қайтады деп сөзін аяқтады.Жиын барысында Қамқоршылық Кеңесі мүшелері өз ойларымен бөлісіп, ұсынылып отырған оқушыларды бірауыздан қолдады.

Қаулы:

- Аз қамтамасыз етілген, әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларға мейіріммен қарап тәрбиелеу мақсатында мектеп пен ата-аналар арасында біріккен жұмыс күшейтілсін.
- Аз қамтылған,көп балалы отбасының балаларын Президент шыршасына ,қала әкімінің шыршасына, аз қамтылған отбасы балаларына арналған шыршаға жіберілсін.

Мектеп директоры:
Төрайым:
Хатшы:

Дуйсенбаева Л.А.
Болатова Ж.У.
Саржанова Н.М.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік

Қамқоршылық кеңесі мүшелері жиналысының ХАТТАМАСЫ

«5» наурыз 2024жыл

Арқалық қаласы

Директор: - Дуйсенбаева Л.А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Е.Турилтаев

13 ата-ана

Қатыспағандар: 0

(7 «А», 5 «А», 9 «А» сыныбының ата-аналар кеңесінің төрайымдары)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Жоспар бойынша наурыз, сәуір және мамыр айларында өтетін іс-шараларға дайындық жұмыстарын жүргізу мәселесі;

2. Оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін және рухани әлеуетін дамыту, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, қосымша білім беру жағдайын туғызуға жәрдемдесу, оқу-әдістемелік кешенін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ мектептің ағымдағы жөндеуден өтуін нығайтуға жәрдемдесу мақсатында қосымша қаржыландырудың көздерін тарту және ұйымдастыру жұмысының жүру деңгейін талқылау;

Тыңдалды: Бірінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы бекітілген жоспардың наурыз, сәуір және мамыр айындағы іс-шаралармен таныстырып өтті. Сонымен қатар, дайындық жұмысын бастау керектігін ұсынды. 8 Наурыз –Халықаралық әйелдер мерекесінің өтуіне орай әр сынып қыз балалары мен ұстаздарға керемет кеш ұйымдастыруды ұсынды. Сонымен қатар, 22 Наурыз-Наурыз мерекесіне орай мектеппен ата-ана ынтымақтастығын жоғарлату және қыз бала тәрбиесін жандандыру мақсатында «Ару-2024!» 7-9 сынып қыздары арасында сайыс өтетіні айтып, жеңімпаздарды марапаттауға бағалы сыйлықтар алуды ұйымдастыру жөнінде айтты. Мамыр айында өтетін 25 мамыр-соңғы қоңыпау мерекесін жоғары деңгейде өткізілуге белсенділік танытып, мектеп өміріне етене араласуды сұрады.

Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша қосымша қаржы жинау мәселесі әліде толық жиналмай жатқаны туралы айтып, әр сыныптың ата-аналар төрайымдары өз есебін беріп, ортаға талқыға салды.

Сөз сөйледі: Қайдарова Оразгүл Балғабековна ағымдағы жөндеуден өтуден өту мәселесін көтерді. Қамқоршылық кеңесінің қорына жиналған сомманың сыртында тыс мектептің жөндеуден өткізуге қаражат керектігін айтылды.

Шешімі:

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік

Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылының наурыз, сәуір және мамыр айында өтетін іс-шаралардың жоғарғы деңгеде өтуіне қамқоршылық кеңес мүшелерімен қадағаланып, бақылауға алынсын;

2. Оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық қабілеттерін және рухани әлеуетін дамыту, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру, қосымша білім беру жағдайын туғызуға жәрдемдесу, оқу-әдістемелік кешенін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, сондай-ақ мектептің ағымдағы жөндеуден өтуін нығайтуға жәрдемдесу мақсатында қосымша қаржыландырудың көздерін тарту және ұйымдастыру жұмысының жүру одан әрі жандару мақсатында әр сыныптың ата-аналар төрайымдары түсіндірмелі жұмыстар жүргізілсін;

1. Мамыр айында өтетін қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар комитетінің бірлескен отырысына 5-9 сынып ата-аналар комитеттері сынып ішінде жүргізілген есеп дайындасын;

2. 2023-2024 оқу жылының қамқоршылық кеңесінің жыл бойғы атқарған жұмысының есебін кеңес төрайымы дайындасын;

Мектеп директоры:

Төрайым:

Хатшы:

Дуйсенбаева Л.А.

Болатова Ж.У.

Саржанова Н.М.